

Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ – МҮМКІНДІКТЕР ӘЛЕМІ!

Спатаева С.Т.,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар, және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы

E-mail: saltanat.spatayeva@yu.edu.kz

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті – Қазақ елінің батыс аймағында орналасқан дара және еліміздегі ең үздік университеттердің бірі. Университет Қазақстан Республикасындағы көптеген ғылыми және кәсіптік салалардағы бакалавриат пен магистранттар үшін маңызды ғылыми-зерттеу орны болып табылады. Оқу орнымыз жаһандық мәселелер бойынша зерттеулер мен оқытуға қолдау көрсетіп, өзге елдердегі жоғары оқу орындарымен академиялық байланыстар құрып, халықаралық деңгейдегі білімді оқытушылар білім беруде, сонымен қатар алыс-жақын елдерден келген студенттер білім алып жүр. Алдағы уақытта білім берудің барлық саласын қарқынды дамыту арқылы еліміздің ары қарай дамуына өз үлесін қосады деп сенемін.

Университет қабырғасында жүріп білім алумен қатар, жеке тұлғалық дамуға зор мүмкіндіктер бар. Студенттер бос уақытын сауатты басқарып, дұрыс ұйымдастыру үшін шығармашылық үйірмелер, креативті жобалар, спорттық секциялар, Есенов тілдер орталығы, Каспий кәсіпкерлік орталығы т.б. бар.

Тарихы терең, әр тасы бір-бір тарихты қойнауына жасырған маңғаз Маңғыстау жерінің тарихы мен мәдени дәстүрін зерделеп, сақтауда университет ішіндегі музей, үстірт демалыс орны студенттерді шабыттандырады. Осы орайда, биыл Есенов университетінде «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығы ашылғанын айтып өтпеске болмас. Маңғыстау өңірі қазақтың көне замандардан жеткен сөз және музыка өнерін бағзылық қалпында сақтап, дамытып, жалғастыруымен ерекшеленеді. Маңғыстаудың күйшілік, жыршылық, әншілік мұрасын жалғастырып, кейінгіге жеткізуде ашылып отырған мамандық үлкен белес болмақ. Биылдан бастап оқып жатқан білім алушы кәсіби салада теориялық және практикалық білімнің кең диапозонына ие болу арқылы кәсіби мәселелердің түрлі варианттағы шешімін табу және оны ілгері жүргізу дағдысын меңгереді, нәтижесінде ұйымның саясаты мен қызметі, стратегиясы аясында еңбек және оқыту қызметін басқарады, бақылайды, мәселелерді талқылап, аргументтерге сүйенген қорытындылар жасайды, ақпаратты

сауатты талдайды. Дәстүрлі музыка өнерінің теориялық, практикалық мәселелері бойынша алған білімдерін оқытуда, білім беруді ұйымдастыруда, ғылыми-зерттеуде қолдана алатын, қоғамның моралдық, этикалық нормаларын сақтай отырып, дәстүрлі музыка өнерін зерделеу арқылы жас ұрпақты қазақ халқының мәдениетіне, түркі халықтарының рухани құндылықтарына құрмет көрсетуге және отансүйгіштік рухта тәрбиелейтін, мәдени-шығармашылық, әлеуметтік-әкімшілік ортаны ұйымдастыратын және басқаратын әлеуметтік жауапты маман болып шықпақ.

Маңғыстаудың жыршылық, әншілік, күйшілік өнерін арнайы пән ретінде оқытатын мамандықтың ашылуы кейінгіге қалдырған маңызды мұралардың бірі болмақ.

Маңғаз Маңғыстауда Ә.Кекілбаев аудиториясының болуы заңдылық! Бұл аудитория жай қатардағы аудитория емес, осы жердің аса дарынды, тынысы кең, елім, жерім деген ердің даналық аудиториясы. Әбіш әлемі тұңғыық мұхит дерсің. Оның барлығын терең бойлауымыз, терең зерттеуіміз керек. Әбіш Кекілбаев қалдырған құндылықтардың бәрі де жастарға қызмет етуі керек. Олардың рухының күшеюіне және бойына сіңіру біздің мақсатымыз. Осы тұрғыда біздің университетіміздегі бұл ашылған аудиторияның да өзіндік жауапкершілігі бар. Осында білім алатын шәкірттер де, дәріс беретін профессорлар да үлкен жауапкершілікте. Алдағы уақытта бұл даналықтың, ойды қалыптастыратын аудиториясына айналмақ.

Бүгінгі таңда университетте белгілі түрколог ғалым Ғұбайдолла Айдаровтың атына ашылған аудитория бар.

Сан қатпарлы тарихтың тылсым сырын ашқан сындарлы ғалымның ғылыми мұрасы, жазған еңбектері бүгінде баға жетпес құндылық екенін мойындауымыз керек. Ол – түркітанушы, тіл ғылымының түркология саласында өзіндік зерттеу мектебін ашып, ісі қазақтың жаратылысындағы өркениеттің, жазба тарихының тым әріден бастау алатынын дәлелдеп берген ғалым-зерттеуші Ғұбайдолла Айдаровтың осыдан он ғасыр бұрын тасқа таңбаланған Орхон-Енисей, Күлтегін, Тоныкөк жазуларының құпиясын алғашқылардың бірі болып ашқанын, келешекке аманат етуге өлшеусіз еңбек сіңіргенін жастар білуі керек.

Кабинетте белгілі түркітанушының ғылыми мұрасы, қайраткерлік қыры, түркітану ғылымындағы орны туралы жазбалар жазылған. Студенттер ғалымның талмай ізденіп, Қазақстанның барлық аймақтарын, оның ішінде өзінің кіндік қаны тамған Маңғыстаудың тау-тасында, Моңғолия, Ресей Алтайының көне

қорымдарында жатқан байырғы мұралардан қазақ халқының қазіргі тілінің қалыптасу сатыларына сәуле түсіргенін біле алады. Ол қазақтың ұлы ғалымдары Ә.Марғұлан, А.Медоев, Қ.Сәтбаев жетекшілік жасаған ғылыми экспедициялар құрамында зерттеу жүргізді. Нәтижесінде «Ескі түркі жазуы Орхон-Енисей ескерткіштерінде», «Білге қаған тілі», «Тоныкөк», «Құлшора», «Құтлұғ-қаған», «Мойын Чор», «Орхон-Енисей жазуларының әдебиеттер көрсеткіші», «Орхон ескерткіштері» атты зерделі еңбектер жазып, түркология ғылымына соны ой, жаңа тұжырымдар қосты. Артына сарқылмас ілім қалдырған ғалымның ерен еңбегі жастардың бойына өшпес із қалдырып, жадыларында сақталатын осынау арнайы аудитория заманауи техникамен жабдықталған.

Жоғарыдағыларды ескере отырып, осы оқу орнының жас оқытушысы ретінде университет заманауи білім беруде студенттерге жарқын болашақ сыйлайды деп сенемін.